



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 2 БАС ПАСӨЗ РЕЛИЗІ  
2013 жылғы 30 қаңтар

*Балаларга арналған білім беру жобаларын  
тәнисстыру туралы*

2013 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру шеңберінде жүзеге асыратын балаларға арналған білім беру жобаларының тәнисстырылу рәсімі өтті.

Қазақстан үшін өзекті және маңызды міндеттердің бірі қаржылық түрғыдан сауатты, білімді, қаржы құралдарының әр түрлілігін айыра алатын әрі оны жинақтау, өз капиталын ұлғайту мен сақтау үшін пайдалана алатын жастарды тәрбиелеу болып табылады. Бұған кішкентай кезінен бастап дарытылуы қажет экономика және қаржы бойынша тиісті білім болған кезде мүмкіндік болады.

Жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі 2013 жылды білім беру жобаларын іске асыруды жалғастырады.

«Ұлан» және «Дружные ребята» республикалық балалар басылымдарында қаржы тақырыбындағы қосымшаларды шығару Тәңгегүл және оның достары Тиынбек, Тиынтай және Алдаржанның 2012 жылды басталған түрлі оқиғаларының сериясын жалғастырады. 2013 жыл бойы балалар басылымдарының оқырмандары экономика негіздерін үйренеді, осы жоба шеңберінде өткізілетін конкурстарға, викториналарға белсенді турде қатыса алады. Әрбір шығарылымның материалдарын қызықты ұсыну, оқытудың ойын түріндегі нысаны, әдемі безендірілуі жас оқырмандардың еліміздің қаржы жүйесінің құрылымы туралы негізгі түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Балаларға арналған тағы да бір білім беру жобасы – тепежурналдың белгілірі бар «Қызықты қаржы» атты мемлекеттік және орыс тілдеріндегі тәнисмұқ телевизиялық бағдарлама. Бағдарламаның әрбір шығарылымы қаржы тақырыбы бойынша бір тақырыпқа арналатын болады. Бағдарлама «бағдарлама-зерттеу» қағидаты бойынша құрылды. Бұл бағдарлама көрерменді талқыланатын тақырыппен тәнисстырады, балалардың қаржы туралы сұрақтарына жауап береді, ойындар мен көрнекі құралдардың көмегімен оларға қарапайым, негізгі идеяларды түсіндіреді. Сценарий бойынша әрбір шығарылымда жүргізуши-балалар бүкіл сұрақтардың жауабын білетін ересек тәлімгердің көмегімен бағдарламаның тақырыбын жан-жақты талдайды.

Аталған балалар жобаларының негізгі міндеттері: экономика негіздерін үйрету, балалар аудиториясында ақшага ұқыпты қару (үнемдеу) идеяларын тәнисмал ету, қарапайым әрі түсінікті тілде қаржы мен экономиканың негізгі ұғымдарын түсіндіру, нарықтың негізгі құралдары туралы бастапқы дағдылар мен білімді қалыптастыру. Негізгі мақсатты аудитория – 6-14 жас аралығындағы балалар.

*Барынша жсан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:  
+7 (727) 2704-639, +7 (727) 2596 833; E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz) ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz))*